

**Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы**

ХАТТАМА №5/1

Күні: 01 тамыз 2025 жыл

Қатысқаны: 4 педагог

Тақырыбы: Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылға бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу

Күн тәртібінде:

1. 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Оқу Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру
1. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын сайлап, жұмыс жоспарын таныстыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші **Аяпова М.М.** сөз алып, 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесіне сәйкес балабақшаның **қыркүйек айында** аттестатталатынын айтты. Осыған орай бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылатындықтан өткен 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарындағы құжаттарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес жинақтап, реттеу қажеттігін сөз етті. Сонымен қатар «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Оқу Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына тоқталып, таныстырды.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін назарға ала отырып, өзін-өзі бағалауын жүргізуге байланысты комиссия құрамын сайлауды ұсынды. Ұсыныс негізінде меңгеруші **Аяпова М.М.** комиссия төрайымы болып, меңгеруші: **Аяпова М.М.** хатшысы және тәрбиешілер **Жумасейтова Ж.Б., Ахметжановна С.Б.** комиссия мүшелері болатындарын айтты. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі комиссия мүшелеріне жүктелініп, нақты тапсырмалар берілді.

Шешім:

1. Педагог қызметкерлер «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Оқу Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бөлімін оқып, таныссын.

2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

1) Комиссия төрайымы - балабақша меңгерушісі : **Аяпова М.М.**

Мүшелері: Комиссия мүшелері:

тәрбиеші **Жумасейтова Ж.Б.,**

тәрбиеші **Ахметжановна С.Б.**

3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша құрылған жұмыс жоспарына сәйкес комиссия мүшелері өз жұмыстарын бастасын.

4. Осы шешімдердің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5.

Төрайымы:



Аяпова М.М.

Хатшы:

Жумасейтова Ж.Б.